

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Метеорология және гидрология кафедрасы

Орталық Азияның тұрақты дамуы. Қоғам, экология және олардың тұрақты дамуға әсері. Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуын бағалау

Лектор: г.ғ.к., аға оқытушы Мунайтпасова А.Н.

Тұрақты даму принциптері

Ағылшын тіліндегі «sustainable» сөзінің аудармасы – «тұрақты, үздіксіз», ал «Sustainable development» мағынасы бойынша «тұрақты даму» дегенді білдіреді. Мұндай термин 1980 жылы «Табиғатты қорғаудың бүкіләлемдік стратегиясы» атты баяндамада табиғи ресурстар мен табиғатты қорғау халқаралық бірлестігінде алғаш рет қолданылды. Баяндаманың қорытындысы бойынша даму тұрақты болу үшін оның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторларын да ескеру керектігі айтылды. Дегенмен, тұрақты даму түсінігіне 1987 жылы қоршаған орта және даму бойынша БҰҰ дайындаған «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамадан кейін әлемдік қоғамдастықтың көңілі ауды. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен қоршаған орта мен даму бойынша БҰҰ конференциясында қабылданған шешімдердің негізгі әдістемесі тұрақты даму мәселесі бойынша болды.

Тұрақты даму туралы айтқанда, қоғамға әсер ететін барлық мәселелерді, сонымен қатар жаһандық, аймақтық және ұлттық процесстер өмір сүрудің сапалық және сандық сипаттамаларын қамтамасыз ететіндей болуын ескеру қажет.

Е.М. Родина, С.Н. Бобылев жұмыстарында ұсынған «тұрақты дамудың» қысқа және толық мағыналары бар.

Қысқа мағынасында, «тұрақты даму» тек экологиялық құрамға ғана мән береді.

Ал, толық мағынасында «тұрақты даму» экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларға негізделген қоғамның құрылуының жаңа түрін сипаттайтын процесс болып табылады.

❖ **Экономикалық ресурс** – қоғамның шаруашылық әрекеті биосфераның табиғи-ресурсты потенциалын қолдануды жоғарылатуға емес, оны тиімді пайдалануға бағытталған. Қоғамның экономикалық дамуы материалды сипатты әрекеттердің өсуі емес, интеллектуалды потенциалды интенсификациялауға: ғылыми жаңалықтар, ақпараттық жүйелер және т.б. Мән беріледі. Табиғи ресурстарды қолдануды қысқарту және жаңа ресурсүнемді технологияларды қолдануға үлкен мән беріледі.

❖ **Адами ресурс** – әлеуметтік, мәдени және басқарушылық аспектілерден тұрады.

- **Әлеуметтік аспект** – қоғамның басқарудың демократиялық принциптеріне көшуі, нарықтық экономика мен мемлекеттің әлеуметтік функцияларының сәйкес келуі, яғни шаруашылықтың жаңа типі адам өмірінің сапасын жақсартуға, халық арасындағы табыс көзінің біркелкі болуына, кедейшілік мәселесін шешуге және шешім қабылдауда әлеуметтік топты: әйелдерді, азұлтты этностарды, мүмкіндігі шектеулі жандарды қатыстыруды көздейді. Антропогенді әрекетке қатысты қабылданатын кез-келген шешім актуальды және потенциалды әлеуметтік-экологиялық салдарды ескеруді ұсынады.
- **Мәдени аспект** – табиғи ресурстарды өте көп мөлшерде артық қолдану туралы адамның ойын өзгертуге, жаңа ой, жаңа адами құндылықтар құруға негізделген. Өндіру мен қолдану шынайы жағдайларға бейімделіп, әлемдік процесстердің динамикасына сай болуы қажет. Қолданудың жаңа мәдениеті мен «адам-табиғат-даму» жаңа қатынасының дамуына жағдай жасалуы маңызды.
- **Басқарушылық аспект** – локальді, ұлттық және жалпы адами әдістерден тұратын басқарудың деңгейін ұсынады. Әлеуметтік-экологиялық мәселелерді ұлттық деңгейді шешуді көздейді, дамыған мемлекеттерде бұлтиімді қолданыста, ал дамушы елдерде бюрократиялық форматта ғана ескерілуде.

❖ **Экологиялық ресурс** - адамның табиғатқа әсерін ескереді, себебі қоғамның дамуы үнемі табиғатты пайдаланумен байланысты. «Тұрақты даму» концепциясында алғаш рет табиғи орта даму процессінің тең, құрамдас бөлігі болып қарастырылады. Дегенмен, адам мен табиғат қарым-қатынасында 3 түрлі бағыт қалыптасқан: табиғатты пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік

- **Табиғатты пайдалану** – адамзаттың экономикалық, экологиялық және мәдени-сауықтыру қажеттіліктері үшін қоршаған ортаны қолдануы.
- **Қоршаған ортаны қорғау** – табиғи ортаны сақтау мен жақсартуға арналған және адам әрекетінің зиянды салдарын болдырмау бойынша шаралар жүйесінен тұрады.
- **Экологиялық қауіпсіздік** – адам өмірінің маңызды қызығушылықтарын қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларының әсерінен сақтау шараларының жүйесі

Қоғам, экология және олардың тұрақты дамуға әсері

20-ғасырдың 60-70 жылдары жаңа әлеуметтік-экономикалық кризис орнады, озон қабатының бұзылуы, жер және су ресурстарының деградациясы, биоалуантүрліліктің қысқаруы, климаттың өзгеруі және т.б. орын алды. Егер де қоршаған ортаның деградациясы осылай жалғаса берсе, адамзаттың Жер бетінде өмір сүруі қиындайтынын болжап, Рим клубы (1968), Greenpeace (1971) экологиялық қозғалысы - қоғамдық ұйымдар пайда бола бастады.

1972 жылы Массачусет технологиялық институтында Деннис Медоуза Рим клубы бойынша алғашқы баяндама жасалды. Зерттеу нәтижелері бойынша 75 жылда соң ресурстар таусылып, экономикалық даму жаңа бағытқа ауысып, халық санының көбеюін тежемесе, негативті салдарларға алып келуі мүмкін деген болжам жасалды. «Нөлдік даму» концепциясы деп аталды.

1974 жылы Рим клубының екінші баяндамасын америкалық математик Михайло Мессарович дайындады, экономиканың жеке аймақтық дамуы тиімді емес, жаһандық деңгейде басқаруды қажет екенін айтты. «Нөлдік даму» концепциясы «органикалық даму» концепциясымен ауысты. Қоршаған орта тірі ағза ретінде қарастырылады, ондағы әр мемлекет, әр аймақ әлемдік қоғамдастықта ерекше рөл атқарады.

1977 жылы Рим клубының үшінші баяндамасы «Халықаралық тәртіптің қайта қалыптасуы» әлемдік экономикалық тәртіп өзінің тұрақтылығын жоғалтып жатқандығын көрсетті.

1974 жылы БҰҰ жаңа халықаралық экономиканың жаңа тәртібін орнату бойынша декларация және іс-шаралар бағдаламасын қабылдады.

1972 жылы Стокгольмде қоршаған орта бойынша алғашқы халықаралық конференция өтті. Бұл конференцияда Морис Стронг экология бағытындағы әлеуметтік-экономикалық даму (экодаму) түсінігін ұсынды, оған сәйкес адам өмірі сапасының жақсаруы қоршаған орта жағдайының төмендеуі және табиғи экожүйелердің деградациясымен бірге жүрмеуі қажет екендігін көрсетеді. Экодаму идеясының тәжірибеде жүзеге асырылуы – әлемдік дамуды түбінен өзгертуді, пайдалану стратегиялары мен ресурстардың орналасуы, экономика мен мемлекет аралық қатынастардағы қайта құрылуларды қамтиды. Бұл құжат қоғам дамуының жаңа моделін іздеу қажеттігін айқындады. Экологиялық мәселелерді әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелермен байланыстырмай, жеке қарастыру мүмкін еместігін де көрсетті. Экономиканың өсуі экологиялық мүмкіндіктер шегінде жүзеге асуы қажет, яғни қоршаған орта үшін қауіпсіз болатын экономикалық дамудың жаңа эрасына жол табуды ұсынды.

Орталық Азия аймағының ерекшеліктері

Орталық Азия Евроазиаттық континенттің ортаңғы бөлігінде (36–56° с.е., 46–88° ш.б.) орналасқан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан мемлекеттерін қамтиды, Ресей Федерациясы, Қыта, Ауғанстан, Иранмен шекараласады. Территорияның жалпы ауданы 4 млн км², ал халқы (55 млн адам) территорияның 5 % -н қамтитын көл жағааулары мен оазистерді мекендейді.

Орталық Азия континенттің орталығында, мұхиттардан 3 000–4 000 км арақашықтықта орналасқандықтан климаты шұғыл континентті және радиациялық баланс мөлшері салыстырмалы жоғары. Ыстық жазғы температуралар 45 °С дейін, ал аз қарлы қысқы температуралар –30 °С, жауын-шашын мөлшері аудан бойынша орташа алғанда 200 мм құрайды.

Аймақтың территориясы бір жағынан таулармен – мәңгілік мұздықтармен және су ресурстарының қалыптасуымен, екінші жағынан – ашық дала, шөл мен шөлейт – егіншілік жерлері, су ресурстарын пайдалану және қайта тарату.

Су ресурстары қалыптасатын Памир, Тянь-Шань, Алтай тау жүйелерінен, мұздықтардан, көлдер мен даладан тұратын;

Су ресурстарын пайдаланатын және қайта тарататын дала, шөл мен шөлейтпен қамтылған жазық даладан тұратын;

Биоалуантүрлі өмір сүру аймағы Каспий, Арал теңізі, Ыстықкөл, Балқаш көлдері, Әмудария, Сырдария, Шу, Ертіс, Талас, Іле және өзендерінен тұратын;

физико-географиялық құрылым - Орталық Азияның экожүйесі болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуын бағалау

1999 жылы Орталық Азия мемлекеттері БҰҰ тұрақты даму бойынша бағдарламасына еніп, «Арал теңізі бассейнінің потенциалын дамыту» жобасын қолға алды, эксперттер тобы Арал теңізі бассейнінің экожүйесіндегі су және жер ресурстарына сараптама жасады.

- ❖ Оптимистік сценарий бойынша 2020 жылы су ресурстарын қолдану көлемі қазіргі жағдайдағыдан 70 % -дан аспайды. Нейтралды сценарий бойынша сужинау 80 % -ды құрайды және халық санының өсуіне байланысты кішкене артады. Пессимисттік сценарий бойынша 2010 жылға қарай тұтынушылық қажеттіліктер қолда бар су ресурстарынан асып кетеді. Бұл жергілікті халықтың миграциясына алып келуі мүмкін.
- ❖ Оптимистік сценарий бойынша аймақта азық-түлік өндіріліп, күнделікті калорий қолдану ~ 3 000 ккал адам басына, ал нейтралды сценарий бойынша азық-түлікті өндіру тамақтану қажеттілігін толықтай жабады, ал пессимисттік сценарий бойынша азық-түлік өндірудің азаюы халықтың тамақсыз қалуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Арал теңізі бассейнінің тұрақсыздығы жергілікті халықтың миграциясына алып келетін бір себеп болуы мүмкін.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!